



БҰЙРЫҚ

2017 м. 07.08.

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *113*

город Павлодар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 10-бабы 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» ММ-ң сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Ф.Б. Сапариеваға жүктелсін.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**



Н. Есембаев

«Павлодар облысының дене
тәрбиесі және спорт басқармасы»
ММ басшысының 2017 жылғы
«07» тамыздағы №113
бұйрығымен
бекітілді

«Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» ММ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Қоғамдық қатынас саласының атауы – дене шынықтыру және спорт саласы.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы - «Павлодар облысының дене тәрбиесі және спорт басқармасы» ММ (бұдан әрі - Басқарма).

3. Қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін адамдар іс-әрекет қағидалары

3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Конституция талаптарын, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерін, заңдылық пен ашықтық қағидастарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң түрде сақтау;

2) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі болатын іс-әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) жол бермеу;

3) мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігіне жол бермеу;

4) жеке мүліктік және мүліктік емес пайдаға ие болу үшін өз лауазымдық өкілеттіліктері мен онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

5) қызмет бабын теріс пайдалануға, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде негізделмеген бюрократтылық пен сөзбұйданың белгілеріне, сонымен қатар, дөрекілік және ағат пікірлілік көріністеріне жол бермеу;

6) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, еркіндігі мен заңды мүдделерінің сақталуы және қорғалуын қамтамасыз ету;

7) жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдау және әріптестерден осыны талап ету.

3.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау;

2) кәсіби (қызметтік) этиканы сақтау;

3) құпиялылықты сақтау және қызметтік пен мемлекеттік құпияны қамтамасыз ету;

4) еңбек тәртібін сақтау, өз қызметтік міндеттерін тиімді, адал және сапалы орындау, жұмыс уақытын дұрыс пайдалану;

5) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде, жеке және заңды тұлғаларға айрықша құрмет көрсетпеу;

6) үшінші тұлғалардың мүдделерін қорғау немесе лоббилендіруден, олардың атынан әрекет етуден сақтану;

7) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпкерлік субъекттерінің қызметіне заңсыз кірісуді іске асырмау.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын даярлау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу кезінде қолданыстағы заңнаманың талаптарын қатаң түрде сақтау;

2) сараптама қорытындысын алу үшін жеке кәсіпкерлік субъекттерінің қызметіне байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобасын түсініктеме хатын міндетті түрде қоса тіркеумен, соның ішінде, кейіннен аталған жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келісу кезінде Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жолдау,;

3) интернет-қорларды қоса отыра, бұқаралық ақпарат құралдарында жеке кәсіпкерлік субъекттерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жариялау.

3.4. Тіршілік әрекеті саласы спецификасына байланысты туындайтын өзге қарым-қатынастар кезінде:

1) жүктелген қызметтік өкілеттіліктерді орындау кезінде жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, еркіндіктері мен заңды мүдделерінің сақталуы және қорғалуын қамтамасыз ету;

2) бағынышты қызметкерлерге қатысты негізделмеген айыпталушылықтарды, дәрекілік фактілерін, адами құндылықтардың қорлануына, әдепсіздікке, теріс мінез-құлыққа жол бермеу;

3) басшылардың тапсырмаларын орындау үдерісінде тек объективті әрі шынайы мәліметтерді ұсыну;

4) ұжымда іскери қарым-қатынас пен сындарлы қызметтестіктің орнатылуы мен нығайтылуына жағдай жасау;

5) Басқарма басшысына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өкілетті органына белгілі болған сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы дереу хабарлау.

4. Өзге де шектеулер мен тыйым салулар

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау;

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген шектеулерді сақтау;

3) лауазымдық өкілеттіліктері шегінде шығарылған Басқарма басшысының бұйрықтарын орындау;

4) қызметтік өкілеттіліктерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау;

5) өзге тұлғаларды сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарын жасауға бейімдемеу және мадақтамау;

б) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және басқа да ақпаратты қолданбау.